



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 24 мамыр

Халықтың 2017 жылғы сәуірде қолма-қол АҚШ долларын сатып алуы

2017 жылғы сәуірде халықтың айырбастау пункттерінде қолма-қол АҚШ долларды нетто-сатып алу көлемі өткен аймен салыстырғанда 3 еседен аса төмендеді және 88,4 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2016 жылғы шілдеден бергі ең төмен көрсеткіш болып табылады, ол кезде оның мәні көрсетілген кезеңдегі қолма-қол АҚШ долларды нетто-сатып алу көлемінің орта мәнінен 3,5 еседен аса төмен болды.

Халықтың қолма-қол АҚШ долларды нетто-сатып алу көлемінің төмендеуі ағымдағы жылдың басынан теңгенің тұрақты нығаюы (5,7%-ға), сондай-ақ валюталық басымдықтардың ұлттық валюта жағына қарай ауысу үрдісінің жалғасуы (банктердің теңгемен депозиттерінің үлесі сәуірде 51,2%-ға дейін өсті) аясында болды.

Бұл ретте 2017 жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда халықтың қолма-қол АҚШ долларын сатып алуының бір мезгілде төмендеуі (26%-ға) және оларды халықтың жалпы сатуының өсуі (2,6%-ға) байқалды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz